

**Докторант Қалиакпар Данаранын
«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Абай шығармаларындағы
мифтік сарындардың ұлттық рухани таным-түсінігі» атты
диссертациялық зерттеу жұмысына берілген шетелдік
жетекшінің**

ШІКІРІ

Адам баласы жаңа мыңжылдыққа жаңа бір әлеммен, тың серпіліспен қадам басқысы келеді. Дегенмен де осы бір қиыны қиын күрмелген мәселеде мифтік таным мен түсінік көмекке келетіні ақиқат болмыс. Бүгінгі таңда болып жатқан санадағы өзгерістерді бірден таза, ақиқат шындыққа жеткіземіз деу де қисынсыз көрінер. Сонда да болса осы бір мифтік бастаулардан нәралған шығармалардағы оқиғалар оқырмандарға өзгеше әсер ететіндігі де шындық.

Демек, қоғамдағы сапалық өзгерістерге алып келер қайнар көздердің бірі – мифологиялық бастауларда жатқандығы айқын мәселе. Себебі ешбір жаңа дүние өзінен-өзі бола салмайтыны белгілі. Оған міндетті түрде дәстүрлі, халықтық дүниелердің қатысы болары сөзсіз. Бұл өзгерістер мен жаңалықтар ең алдымен бүгінгі заманғы әлемде болып жатқан рухани құбылыстарды жаңаша көзқараспен бағалауға қатысы бар дүниелер.

Осы мифтік сарындар мен танымдар қазақ халқының рухани мұрасымен астасып, тарихымен тамырласып, дәстүрлі наным-сенімдерімен және фольклорлық жыр- аңыздарымен ажырамас тығыз байланыста сабақтасады. Абай шығармашылығында өзекті мәселелердің қатарынан табылған мифтік сарындардың табиғатын айқындау арқылы, философиялық пайым-парасатынының көп қабатты астарлы қырларын тереңнен талдап, оқырманның ұлттық құндылықтарға деген танымдық қабілетін арттыра түсуіне қызмет етеді.


Докторант қазақтың бас ақыны және ойшылы Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын қорын құрайтынын, оның өлеңдері, поэмалары және философиялық эсселері ұлттық ой-сананың қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын, Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың болуы, оның әдебиетке қосқан үлесінің өзгеше ерекшелігін айқындайтынын және қазақ халқының рухани танымына терең әсер ететінін саралаған. Бұл элементтер халықтың дүниетанымын, әлемге деген көзқарасын және өмір сүру философиясын бейнелейді, сондықтан оларды зерделеу өте маңызды.



Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде мифологияға қатысты әлемдік, түркілік зерттеулер мен қазақ халқының даңқты ақыны Абай шығармашылығында кездесетін мифтік сарындардың ұлттық- рухани болмыс, бітімі салғастырылып алынды. Қазақ әдебиетінде көркем шығарманың идея мен сюжет, композициялық тұтастық пен көркемдік ерекшелік, кейіпкер болымысы, жазушы шеберлігі, тілі мен стилі туралы әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты сараланып зерттелген.

Ғылыми ізденіс барысында докторант Д.Қалиакпар отандық және шетелдік баспасөз беттерінде, әртүрлі халықаралық ғылыми және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасады, 10 ғылыми мақала жариялады. Сонымен қатар скопус (Scopus) базасына енген нөлдік емес, импакт-факторы болатын халықаралық ғылыми басылымында 1 мақала *Mythical Motifs and the Modernity of Neo Mythology in the Works of Abai. Forum for World Literature Studies. China, Hong Kong, Vol.15, №2, Yune 2023. Scopus ISSN 1949-8519 (Print)*, ҚР БҒБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарында 4 мақала: *Мифология және Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық-рухани ерекшеліктері*, «Наука и жизнь Казахстана» журналы, №5, 2020, 239-244 бб.; *Ноғайлы дәуірі эпостық шығармаларының лексикалық сипаты*, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, №2(178), 2020, маусым, 67 - 73 бб.; *Қазіргі әлем және қазақ неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі*. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (186 том) 2022; *Абай шығармашылығындағы синергетика*. Ясауи университетінің хабаршысы, №1 (127), 2023, 179-189 бб.; қазақстандық және халықаралық конференциялар басылымдарында 5 мақала: *Ә.Кекілбаев шығармаларындағы аңыздық сарындардың интерпретациялануы*. Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына арналған «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, 19.10.2019; *Абай шығармаларындағы мифтік образдардың ерекшеліктері*. «XIX ғасырдағы ғылым және білім» атты V халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Нұр-Сұлтан, ақпан, 2020; *«Мифология» ұғымы, теориялық негіздері*. «Әл-Фараби.kz» республикалық-ғылыми танымдық журналы, наурыз, 2020; *Абай шығармаларындағы мифологиялық ерекшеліктер*. «Ғылым және білім-2020» атты III халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Нұр-Сұлтан, желтоқсан, 2020; *«Мифология» ұғымын зерттеудің теориялық негіздері*. «Қазіргі заманғы әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 29 қазан, 2020 ж. жариялаған болатын.

Докторанттың ғылыми жұмысының айтарлықтай жоғары деңгейін айта отырып, диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын барлық талаптарға жауап береді.



Қалиакпар Данараның «Абай шығармаларында мифтік сарындардың ұлттық рухани таным-түсінігі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы дербес, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

**Егей университеті, Түркі әлемін
зерттеу институтының профессоры,
Түркия, Измир қ.**



Фикрет Туркмен